

Р.М. Жумашев^{1*}, Э.Р. Усманова¹, Е.А. Дмитриев¹,
А.К. Мейрамбеков¹, Ж.Н. Шайгозова²

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: zhumashev_rymbek@mail.ru; emmadvish2004@mail.ru; yevgenii1992@mail.ru; greatvoron8@gmail.com; zanna73@mail.ru)

2024 жылы Бұланты-Білеуті өзені аралығындағы қазақ-ойрат әскери қақтығысының ландшафтын археологиялық зерттеудің алдын ала нәтижелері туралы

Қазақ-ойрат әскери қақтығысында Бұланты шайқасы ерекше маңызға ие. Бұл зерттеу Ұлытау облысындағы Бұланты-Білеуті өзендері аралығындағы 1727 жылы болған әскери қақтығыс ландшафтын анықтауға бағытталған. 2007-2010 жылдары жүргізілген кешенді зерттеулер кезінде Қалмаққырған өзені аңғары мен Қарасуыр қойнауында бірқатар тарихи нысандар анықталып, алдын ала қазақ-ойрат әскери қақтығыстар кезеңіне жатқызылған болатын. Алайда, 2011 және 2023 жылдары археологиялық қазба жұмыстары бұл болжамды растамады. 2024 жылы ландшафтық-археологиялық әдістер қолданылған іздеу-барлау жұмыстары жүргізілді. Зерттеу әдістеріне топографиялық өлшеулер, геоморфологиялық талдау, археологиялық барлау және жерлеу кешендерін құжаттау кірді. Қалмақтөбе шоқысын қайта зерттеу нәтижесінде ойраттардың кішігірім жылжымалы қарауылының камал қалдықтары түріндегі қираған құрылыстың болуы расталды. Құрайлы өзенінің жағасында Ұлы және Орта жүз қазақтарының рулық таңбалары бейнеленген сынтастары бар некрополь табылды. Жерлеу кешендерінің морфологиясы мен таңбалардың техникалық орындалуына жасалған талдау бұл ескерткіш XVIII ғасырдағы бауырластық әскери жерлеу болуы мүмкін деген болжам жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында жергілікті халықтың ауызша аңыздары мен тарихи деректер арасындағы байланыс анықталды. Қалмақтөбе шоқысының стратегиялық орналасуы оның ойраттар үшін әскери-бақылау пункті ретіндегі маңызын растайды. Некропольдердегі жерлеу ғұрпының ерекшеліктері әртүрлі этникалық топтардың мәдени-діни дәстүрлерін көрсетеді. Әр түрлі дәуірдегі археологиялық материалдардың стратиграфиялық орналасуының ерекшеліктері аймақтың ұзақ мерзімді мәдени тарихын сипаттайды. Табылған археологиялық материалдар Бұланты шайқасының тарихи оқиғасын фольклорлық аңыздар саласынан археологиялық расталған фактілер саласына ауыстыруға мүмкіндік береді және осы аймақта одан әрі жүйелі археологиялық зерттеулер жүргізудің қажеттілігін көрсетеді.

Кілт сөздер: Орталық Қазақстан, Ұлытау, Бұланты-Білеуті, ойраттар, әскери қақтығыс, ландшафт, таңбалар, Бұланты шайқасы.

Kipicne

XVII–XVIII ғасырдың ортасында болған қазақ-ойрат қарсыластығына байланысты ескерткіштерді зерттеу қарсылас тараптардың әскери қақтығыс ландшафттарының аймақтарын анықтайды. Шу-Іле аймағының орталық бөлігінің топографиясын, геоморфологиясын, археологиясын, әскери-тарихи топонимикасын, картографиясын және этнографиясын кешенді зерттеу 1723-1730 жылдардағы қазақ-ойрат соғысының шарықтау шегі болған Аңырақай шайқасының аумағын анықтады [1; 52]. Алайда, материалдық қалдықтар мәнмәтінінің болмауына байланысты шайқас алаңдарын жергілікті жерде сәйкестендіру мен локализациялаудың күрделілігін атап өту керек.

Қазақ-ойрат қарсыластығының негізгі оқиғаларының бірі 1727 жылы Бұланты-Білеуті өзендерінің аралығында, Бетпақдаланың солтүстік-батыс бөлігінде (Ұлытау облысы, Қазақстан) өткен Бұланты шайқасы болды. А.А. Диваев жазып алған халық аңызына сәйкес, бұл аймақта қазақ жасақтары ойраттардың әскери отрядтарына бірінші ірі соққы берді: «Ақыры қалмақтар Бұлантыға қашты, толық талқандауға ұшырап, ең жарқын шайқас қырғыздармен (қазақтармен — авторлардың ескертуі) Қара-Сиыр аймағында жасалды. Бұл жер осы күнге дейін Қалмақ-Қырылған (қазіргі Қалмаққырған) [2; 86], яғни қалмақтардың қырылуы деп аталады» [3].

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zhumashev_rymbek@mail.ru

Зерттеу тақырыбының өзектілігі Бұланты шайқасының әскери ландшафты заманауи жаратылыстану әдістермен осы күнге дейін зерттеліп анықталмағандықтан туындап отыр.

Шағын жазба деректерді және жергілікті өлкетанушылардың мәліметтерін негізге алып Бұланты-Білеуті өзен аралығында 1727 жылы болған Бұланты шайқасының әскери ландшафтын анықтау. Зерттеудің міндеті — Бұланты шайқасының әскери ландшафтын айқындау Отан тарихында болған өте маңызды оқиғаны ғылыми негізінде растап, қазақ жасағы құрамында болған жауынгерлердің соңғы ерліктерін жасаған орындарын археологиялық алдын ала іздеу-барлау ізденістерін жүргізу болды.

Материалдар және әдістер

2007-2010 жылдары Ұлытау тауларының оңтүстік-батыс сілемдерінде Көшпенділердің мәдени мұрасы проблемалары жөніндегі Қазақ ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлер тобы (директор И.В. Ерофеева, мамандар Б.Ж. Аубекеров, С.В. Перевозов, Э.Р. Усманова, А.С. Суслов, Е.Ж. Оразбек, Р. Сала, Ж.М. Деом) жүргізген ландшафтық-географиялық, геоморфологиялық, археологиялық және тарихи-этнографиялық зерттеулердің нысаны болды [4; 70]. Қалмаққырған (бұрынғы Білеуті) өзені аңғарында және Қарасуыр қойнауында орналасқан ескерткіштер тобы ашылды (бұл Қара-Сиыр локациясы Бұланты шайқасының ықтимал орындарының бірі ретінде болжанған). Зерттеу барысында жергілікті жердің геоморфологиялық сипаттамасы жасалып, Бұланты шайқасы туралы топонимдер мен аңыздар бойынша ақпараттық-этнографиялық ресурс жиналып, Қалмақтөбе және Қарасуыр төбелеріндегі некропольдер табылды [5].

2011 ж. «Көшпенділердің мәдени мұрасы проблемалары жөніндегі қазақ ғылыми-зерттеу институты» экспедициясы «Ұлытау» Ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайымен бірлесіп, XVIII ғасырдағы қазақ даласындағы әлеуметтік-саяси оқиғаларды зерттеуге бағытталған Қарасуыр қорымын қазу жұмыстарын жүргізді. Алайда, зерттелген жерлеулерде моңғол жерлеу рәсіміне тән ғұрыптар мен жерлеу мүкәммалының белгілері болды. Радиокөміртекті анықтау нәтижелері бойынша олар Алтын Орда кезеңіне (XIII ғасырдың соңы — XIV ғасырдың басы) жатады [6]. Осылайша, Қарасуыр қойнауындағы Бұланты шайқасының орнын локализациялау мәселесі бүгінгі күнге дейін ашық күйінде қалып отыр.

2024 ж. академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті мен Сарыарқа археологиялық институтының экспедициясы (Э.Р. Усманова, Р.М. Жумашев, Е.А. Дмитриев) қазақстандық өлкетанушылардың (Т.А. Тілеуберген, К.Д. Тұрсынов, Е.С. Сарыбаев) қатысуымен Қалмаққырған және Құрайлы өзендері ауданында іздеу-барлау жұмыстарын жүргізді, олардың мақсаты кеш орта ғасырлардың жаңа ескерткіштерін, қазақ-ойрат әскери қақтығыстары кезеңімен байланысты ескерткіштерді анықтау болды.

2007-2010 жылдары Ұлытау тауларының оңтүстік-батыс сілемдері Көшпенділердің мәдени мұрасы проблемалары жөніндегі Қазақ ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлер тобы жүргізген зерттеулердің нысаны болды. Бұл зерттеуде ландшафтық-географиялық, геоморфологиялық, археологиялық және тарихи-этнографиялық әдістері қолданылды.

2024 жылғы зерттеулер барысында келесі ғылыми әдістер пайдаланылды:

1. Ландшафтық-археологиялық барлау: Қалмаққырған және Құрайлы өзендері аңғарларында жүйелі түрде жаяу барлау жүргізілді, жер бедерінің ерекшеліктері, өсімдік жамылғысы және топырақ жағдайлары зерттелді.

2. Топографиялық өлшеулер: GPS-координаттарды анықтау және археологиялық объектілердің картаға түсірілуі жүзеге асырылды.

3. Фотограмметриялық құжаттау: барлық анықталған объектілердің жоспарлары мен фотосуреттері жасалды.

4. Құрылымдық талдау: некропольдердің жерлеу құрылыстарының морфологиялық сипаттамалары зерттелді.

5. Семиотикалық талдау: сынтастардағы таңбалық белгілерге талдау жасалды, олардың рулық тиістілігі анықталды.


6. Тарихи-салыстырмалы талдау: табылған археологиялық материалдар жазба деректермен және тарихи аңыздармен салыстырылды.

Жинақталған материалдар статистикалық өңдеуден өтіп, географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЗ) көмегімен талдауға түсті. Әскери ландшафты қайта құруда тарихи ақпаратты археологиялық деректермен біріктіретін пәнаралық тәсіл қолданылды.

Нәтижелері

Қалмақтөбе шоқысындағы некрополь. Зерттеудің басты нүктесі Б.Ж. Аубекеров пен И.В. Ерофееваның пікірінше, ойраттар жергілікті жерді бақылау үшін стационарлық пункт орналастырған Қалмақтөбе шоқысы болды [4; 73]. Биік шоқылардың тізбегі (Қалмақтөбемен бірге) шоқпар тәрізді күмбез тәрізді формадағы таулы монолит түріндегі оптикалық иллюзия жасайтыны қызық (1-сурет). Шоқы бұрын Қалмақ-Шыңғара деп аталған, оны XIX ғасырдағы алғашқы ресейлік топографтар тіркеген болуы мүмкін. Шыңғара атауының түсіндірмесі бойынша екі нұсқа ұсынуға болады. Чон — (қалм. қасқыр) — қасқыр тауы. Очир (қалм. шоқпар) — шоқпар-тау, бұл шоқының пішінін дәл береді (профессор Т.Г. Басангованың кеңесі, Б.Б. Городовиков атындағы Қалмақ мемлекеттік университеті). Кез келген жағдайда, қалмақ (ойрат) шығу тегіне ие топонимнің алғашқы болуы қызығушылық тудырады және осы мақаланың шеңберінен тыс арнайы лингвистикалық зерттеуді қажет етеді.

Қалмақтөбе ауданының геоморфологиялық құрылымында рельефтің келесі түрлері бөлінеді: эрозиялық-тектоникалық жота-қыратты ұсақ шоқылар мен эрозиялық өзен маңы ұсақ шоқылары; Қалмаққырған өзені аңғарының арнасы, жайылымы және бірінші жоғары жайылма террасасы [7]. Биіктігі 35 м-ге дейін абсолютті белгілері бар эрозиялық-тектоникалық жота-қыратты ұсақ шоқылар ауданның көп бөлігінде таралған және оның солтүстік бөлігін түгелдей дерлік алып жатыр, өзен аңғарының ең кең учаскесін қоршап жатыр. Ол Қалмақтөбе шоқысымен және одан солтүстікте орналасқан бірнеше төменірек шоқылармен ұсынылған [4; 73-74]. Қалмаққырған өзенінің аңғарының өзінде сақталған тоғандары бар арна, тар жайылым және биіктігі 5 м-ге дейінгі, құмдауыт-сазды материалдан тұратын бірінші жоғары жайылма террасасы бөлінеді. Қалмақтөбе шоқысы орналасқан жердегі терраса ені айтарлықтай үлкен және шамамен 200 м-ге жетеді. Өзен арнасы мұнда қалың қамыспен қалың өсіп, балыққа бай үлкен терең тоғандарды құрайды [4; 75].



1-сурет. Қалмақтөбе шоқысының археологиялық зерттеулері

Қалмақтөбе шоқысының асимметриялық беткейлері бар: оның оңтүстік беткейі өте тік, ал солтүстік және шығыс беткейлері — көбірек еңіс (1-сурет: 1.5). Қалмақтөбе шоқысының теңіз деңгейінен биіктігі: GTOPO30 — 254 м, SRTM3 — 278 м. Соңғы екі беткейдің әртүрлі биіктіктерінде қызғылт түсті мүкпен жабылған, қою сұр-жасыл түсті тастардан жасалған кіші үйінділер түрінде кеш орта ғасырлар — жаңа заманның басы кезіндегі қорым орналасқан (1-сурет: 1.4).

Ескерткіш Жезқазған қаласынан ОБ-қа қарай 136 км, Қарсақпай кентінен ОБЗ-қа қарай 98,4 км жерде орналасқан (1-сурет: 1.1). Шоқының төбесінде, ендік бағытта, 39 құрылыс тіркелген жерлеу алаңы болды. Картаны жасаған өлкетанушы-картограф — Лопатин Владимир Анатольевич (1-сурет: 1.2). Жерлеу құрылыстарының негізгі бөлігі шығыс бөлікте шоғырланған. Сыртқы сипаттамалары бойынша жерлеу құрылыстары әртүрлі және диаметрі 12-15 м-ге дейінгі тас үйінділері бар ірі обалармен, сондай-ақ өлшемдері 3-4х5 м — 6х8 м тас қалаулармен ұсынылған (1-сурет: 1.4). Төрт жерлеу кешенінде тік орнатылған құлпытастар бар, негізінен қою жасыл, дерлік қара түсті базальттан жасалған. Олардың біреуінің биіктігі 1 м-ге дейін антропоморфты пішіні бар.

Некропольді визуалды тексеру бірнеше алдын ала қорытынды жасауға мүмкіндік береді (1-сурет: 1.6). Біріншіден, оның батыс бөлігінде орналасқан төрт оба өзінің морфологиялық сипаттамалары бойынша (тұтас сауыт түріндегі тас үйіндісі), ерте темір дәуіріне жататын болуы мүмкін.

Екіншіден, некрополь алаңының ортасында жоспарда төртбұрышты пішінді, өлшемі 6х8 м, биіктігі 0,2-0,3 м-ге дейінгі шикі кірпіш құрылыс түріндегі құрылыс бар, оның бүйірлерінде бірнеше тас белгіленген. Бұл, ықтимал, Б.Ж. Аубекеров пен И.В. Ерофеева тіркеген қамал типіндегі жылжымалы қарауыл қирандылары [4; 73].

Некропольдің шығыс бөлігі, негізінен, біртекті құрылыстармен сипатталады: сопақ немесе дөңгелек пішінді тастардан қалаулар, орташа өлшемі шамамен 3х2 м. Бірнеше жағдайда тік орнатылған плиталар атап өтілді.


Алдын ала, некрополь құрылыстарын кеш ортағасырлық деп атрибуттауға болады. Бірақ олар қазақ руларының жерлеуіне жатқызу екіталай, себебі бұл жерде (Бұланты-Білеуті өзендерінің аралығында) қазақ жерлеулерін белгілейтін стелалардағы рулық таңбалар анықталмады. «Қазақтық емес» шығу тегінің жерлеулерінің тағы бір дәлелі жерлеу құрылысының солтүстік-шығыс, оңтүстік-шығыс жақтарынан еске алу құлпытастарының орналасуы болуы мүмкін. Мысалы, қазақ құлпытастары, әдетте, кейбір ауытқулармен жерлеудің батыс жағынан, бас жағына орнатылды [8; 22].

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы этнографиялық деректер қалмақтардың жерлеу рәсімі туралы хабарлайды, олар «<...> өз мәйіттерін ашық ауада шіруге қалдырады немесе оларды суға батырады, немесе жерге көмеді, немесе өртейді. <...> Кейбір мәйіттердің үстіне тастардың үйіндісін жасайды» [9; 407-408].

Бұл жерлеулердің мәдени-хронологиялық тиістілігін тек археологиялық қазбалар негізінде ғана сенімді түрде анықтауға болады. Олар ойраттардың жерлеуіне жатуы мүмкін. Шоқының етегінде тіркелген тас блоктардың бірінде ойрат жазуымен жасалған лаконикалық жазу ойылған деп айтылады [4; 73-74]. Бұл артефакт бізге табылған жоқ. Жерлеу құрылыстары ертерек кезеңмен де белгіленуі мүмкін. Осындай құлпытастар сыртқы түрі бойынша Қарасуыр қойнауында зерттелген моңғол кешендерімен салыстыруға болады [6].

Құрайлы өзеніндегі некрополь. Құрайлы өзенінің сол жағалауында, Жезқазған қаласынан БОБ-қа қарай 138 км, Қарсақпай кентінен ОБ-қа қарай 72,3 км, Байқоңыр кентінен ОШШ-қа қарай 35,5 км жерде орналасқан (2-сурет: 2.1). Некрополь визуалды түрде 21 жерлеу құрылысы анықталған салыстырмалы түрде тегіс, биік алаңды алып жатыр. Картаны жасаған өлкетанушы-картограф — Лопатин Владимир Анатольевич (2-сурет: 2.2). Алаңның теңіз деңгейінен биіктігі: GTOPO30 — 312 м, SRTM3 — 318 м. Типологиялық тұрғыдан олар екі топқа бөлінеді: өлшемі 5 м-ге дейінгі тастардан геометриялық пішінді қалаулар; шикі кірпіш блоктармен немесе ашық қоңыр түсті құмды саз кесектерімен шеттерінен қапталған тастардан үйінділер (2-сурет: 2.3-5).

Өкінішке орай, уақыт шектеулігі бұл некропольді егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік бермеді. Өлкетанушы К.Д. Тұрсыновтың (Жезқазған қаласының тұрғыны) ауызша хабарлауы бойынша қорым өрттен кейін табылған, сол кезде бірнеше таңбалар бейнеленген сынтастар [10; 564] ашылған. Дәл осы ғұрыптық нысан бұл қорымды қазақ руларының өкілдерінің жерлеуімен сәйкестендіруге мүмкіндік берді.




2-сурет. Құрайлы өзеніндегі некрополь

Сыртқы түрі бойынша сынтастар біртектес және жергілікті базальттан жасалған, ұзындығы 1 м-ге дейінгі созылған геометриялық пішінге ие, олардың жоғарғы бөлігінде таңбалар сызылған. Алдын ала танылған таңбалары бар алты стела тіркелген: • үшбұрыш (3-сурет: 3.5, 6); • төмен бір сызықпен кесілген бұрыш (3-сурет: 3.3, 4); • бір жағынан қосымша сызықпен қиылысқан екі параллель сызық (3-сурет: 3.1, 2).

Археолог А.Е. Рогожинскийдің ауызша хабарлауы бойынша, бір жағынан үшінші сызықпен қиылысқан екі параллель сызықты Орта жүз уақ руының таңбасымен байланыстыруға болады (3-сурет: 3.1, 2). Үшбұрыш, мүмкін, Ұлы жүздің ошақты немесе шапырашты қазақ тайпаларына жатады (3-сурет: 3.5, 6). Төмен бір сызық созылған бұрышты найман-бағаналы тайпасының бір руының таңбасымен салыстыруға болады (3-сурет: 3.3, 4). Үстінде үштісті зигзаг сызылған жақша түріндегі бір белгі әзірше рулық таңба ретінде анықталмайды (3-сурет: 3.5, 6).

Бағаналы және уақ рулары XVIII ғасырда осы аймақта тұрған. Ошақты руының негізгі бөлігі Сырдарияда тұрғанына қатысты мәселе ашық күйінде қалып отыр. Алайда, кез келген қазақ

тайпалары мен руларының батырлары әскери қауіп жағдайында даланың әр түрлі аудандарында болуы мүмкін.



3-сурет. Құрайлы өзеніндегі некропольдің сынтастарындағы таңбалар

Белгілердің техникалық орындалуына қатысты А.Е. Рогожинский тастарға белгілерді түсіру техникасының біртектілігін атап өтеді: барлық белгілер дерлік пышақ сияқты өткір металл құралмен жылдам кесілген. Таңбалардың белгілерін бір немесе екі адам жасаған болуы мүмкін. Ұзақ уақыт және әртүрлі тайпалық қорымдарға тасқа ою әдістерінің әртүрлілігі және тастың өзін мұқият өңдеу тән, бұл осы некропольде байқалмайды. Еске алу тастары өңдеусіз пайдаланылғаны анық.

Кейбір құрылыстарда ұзартылған тастар орнатылған, ал басқаларында жерлеу тастары дөңгелек пішінге ие. Тастар белгілер салу мүмкіндігін ескере отырып таңдалған: салыстырмалы түрде үлкен өлшемді және жазық бетті. Ең ықтималы, өзеннің жағалау каньонының жартасты қатпарлы шығыңқы жерінен әкелінген, бұл жерлеу кешенін далалық жағдайларда салу гипотезасын растайды.

Осылайша, некрополь бір алаңда әртүрлі қазақ рулары мен жүздерінің өкілдері жерленген сирек кездесетін жағдайды білдіреді. Мүмкін, жерлеу алаңының қалыптасуы соғыстан кейінгі бауырластық әскери жерлеумен түсіндіріледі, ол шайқастан кейін «басына тас қою» деп аталатын көне қазақ дәстүрін сақтауға кедергі болмаған, яғни жерлеуге тас қою.

Талқылау

Қазіргі уақытта Бұланты-Білеуті өзендерінің аралығындағы әскери қақтығыс ландшафты негізінен жергілікті жерде шашыраңқы орналасқан жерлеу-еске алу кешендерімен ұсынылған, бұл XVIII ғасырдағы ойраттар мен қазақтар арасындағы әлеуметтік-әскери қатынастардың ауқымын көрсетеді. Бұл тарихи оқиғаны нақты қайта құруға мүмкіндік беретін аймақты тарихи-археологиялық зерттеудің қажеттілігі айқын.

Жүргізілген барлау жұмыстары екі жаңа ескерткішті анықтауға мүмкіндік берді: Қалмақтөбе шоқысындағы некрополь және Құрайлы өзеніндегі некрополь, олар жерлеу ғұрпының мәдени ерекшеліктері және ықтимал, этникалық тиістілігі бойынша ерекшеленеді. Бұл нысандар қазақ-ойрат қарсыластығының аумақтық ауқымы мен аймақтағы әскери әрекеттердің материалдық дәлелдері туралы түсінігімізді кеңейтеді.

Қалмақтөбе шоқысындағы некрополь, ықтимал, ойрат халқының болуымен байланысты, бұл туралы оның орналасуының топографиялық ерекшеліктері және жерлеу құрылыстарының түрлері куәландырады. Табылған қамал-күзет бекетінің қалдықтары осы биіктіктің ойраттардың аумақты әскери бақылау жүйесіндегі стратегиялық маңызын растайды.

Құрайлы өзеніндегі некрополь ерекше ғылыми қызығушылық тудырады, өйткені ол әртүрлі қазақ рулары мен жүздері өкілдерінің бірлескен жерленуінің сирек кездесетін жағдайы болып табылады. Сынтастардағы әртүрлі танбалардың болуы соғыстан кейінгі бауырластық әскери жерлеу туралы куәландыруы мүмкін, бұл ойрат шапқыншылығына қарсы күрес кезеңінде қазақ руларының бірігуі туралы тарихи мәліметтерге сәйкес келеді.

Алынған нәтижелер тарихи аңыздарға сәйкес қазақ-ойрат қарсыластығындағы бетбұрыс нүктесі болған Бұланты шайқасы туралы қолда бар баяндау көздерін толықтырады және нақтылайды. Материалдық дәлелдер әскери қақтығыстың сипаты мен қарсылас тараптардың мәдени-ғұрыптық тәжірибесінің ерекшеліктерін егжей-тегжейлі қайта құруға мүмкіндік береді.

Анықталған нысандардың ғылыми құндылығы олардың тарихи оқиғаны фольклорлық аңыздар саласынан археологиялық расталған фактілер саласына ауыстыруға мүмкіндік беретіндігінде. Бұл ескерткіштерді археологиялық қазба жұмыстары, радиокөміртекті анықтау және пәнаралық талдау әдістерімен одан әрі зерттеу XVIII ғасырдағы Қазақстанның әскери-саяси тарихы туралы білімімізді айтарлықтай байытуы мүмкін.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы алынған деректерді мұражай экспозицияларын құруда, туристік маршруттарды әзірлеуде және ескерткіштерді тарихи-мәдени мұра нысандарының тізіліміне енгізуде пайдалану мүмкіндігінде жатыр. Бұланты-Білеуті өзендерінің аралығындағы әскери ландшафтың археологиялық картасын қалыптастыру қазақ тарихының негізгі оқиғаларының материалдық дәлелдерін сақтауға және насихаттауға ықпал етеді.

Қалмақтөбе шоқысындағы зираттық кешенді қайта зерттеу барысында нысандардың егжей-тегжейлі сипаттамасы жасалып, шикі кірпіштен салынған қираған құрылыстың, мүмкін күзет бекеті-қамалдың бар екені расталды. Бұл ойрат шағын жылжымалы қарауылының қалдықтары болуы мүмкін [11; 22–24]. Олар әдетте ойрат ақсүйектерінің көшпелі ордаларына қауіп төнген сәтте тұрақты үлкен қарауылдардан бірнеше ондаған шақырым алға қойылып, қоршаған аумақты шолу үшін әр түрлі бағытта «бақылаушылар» деп аталатын шағын топтарды жіберетін болған [12; 68].

Оның қырат басындағы стратегиялық орналасуы Белеуітті өзені алқабына жақын жолдарды тиімді бақылауға мүмкіндік берді. Қалмақтөбе шоқысымен жергілікті халықта осы уақытқа дейін сақталған қазақ батырларының ойраттармен күресі туралы түрлі тарихи аңыздар мен әпсаналар байланысты.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында ойрат көшпелілерінің солтүстік шекараларын қазақтардың әскери жасақтарының Жоңғар хандығының ішкі аудандарына жаппай енуінен Бетпақдала аумағында

орналасқан жоңғарлардың төрт ірі қарауыл бекеті қорғады. Осы қарауылдардың ішіндегі ең алдыңғысы Қарағайлы (Дүсен) өзеншесінің Қалмаққырған (Білеуті) өзенімен қосылған жеріндегі аласа тау жанында орналасқан тұрақты бекет болды, ол Қалмақ-Шыңғара деп аталды, ал өткен ғасырдың соңынан бастап Қалмақтөбе деп қайта аталды.

Қалмақтөбе қыратының басындағы зираттық кешенді алдын ала ойрат жерлеулеріне жатқызуға болады. Жерлеу алаңының топографиясының өзі «Жаңғыр» эпосында Ақ тау — Мангхан Цаган ретінде аталатын Әлемдік таудың сакралды идеясын үлгілейді [13]. Тау культінің пайда болуын қалмақтардың ата-бабалары — ойраттар Орталық Азияның таулы-орманды жерінде тұрған кезеңге жатқызу керек [14; 117].

Құрайлы өзені жағасындағы зираттық кешен әскери ландшафт контекстінде қызығушылық тудырады, өйткені онда бір жерлеу алаңында, сондай-ақ тастардағы таңба бейнелеріне қарағанда бір жерлеу құрылысында әртүрлі қазақ руларының жерлеулері бар ритуалдық жағдай. Мүмкін, жерлеу кешенінің қалыптасуындағы мұндай әлеуметтік-ритуалдық жағдай бауырластық әскери жерлеумен түсіндіріледі.

Рулық таңбалары бар құлпытастар мен сынтастар (ұзартылған тастар) Қазақстанда жиі кездеседі және А.Т. Төлеубаевтың пікірінше, VI–IX ғғ., яғни түркі дәуіріне тән тас мүсіндер мен балбалдарды орнату дәстүрінің дамуының нәтижесі [15; 104] және қазақтардың исламға дейінгі сенімдерінің қалдықтарын сипаттайды. Бұл ғұрыптық ерекшелік Құрайлы өзеніндегі зираттық кешеннің еске алу-культтік материалдық шындығында көрінеді.

Қорытынды

Қазіргі уақытта Бұланты-Білеуті өзендерінің аралығындағы әскери қақтығыс ландшафты негізінен жергілікті жерде шашыраңқы орналасқан жерлеу-еске алу кешендерімен ұсынылған, бұл XVIII ғасырдағы ойраттар мен қазақтар арасындағы әлеуметтік-әскери қатынастардың ауқымын көрсетеді. Бұл тарихи оқиғаны нақты қайта құруға мүмкіндік беретін аймақты тарихи-археологиялық зерттеудің қажеттілігі айқын.

Жүргізілген барлау жұмыстары екі жаңа ескерткішті анықтауға мүмкіндік берді: Қалмақтөбе шоқысындағы некрополь және Құрайлы өзеніндегі некрополь, олар жерлеу ғұрпының мәдени ерекшеліктері және ықтимал, этникалық тиістілігі бойынша ерекшеленеді. Бұл нысандар қазақ-ойрат қарсыластығының аумақтық ауқымы мен аймақтағы әскери әрекеттердің материалдық дәлелдері туралы түсінігімізді кеңейтеді.

Қалмақтөбе шоқысындағы некрополь, ықтимал, ойрат халқының болуымен байланысты, бұл туралы оның орналасуының топографиялық ерекшеліктері және жерлеу құрылыстарының түрлері куәландырады. Табылған қамал-күзет бекетінің қалдықтары осы биіктіктің ойраттардың аумақты әскери бақылау жүйесіндегі стратегиялық маңызын растайды.

Құрайлы өзеніндегі некрополь ерекше ғылыми қызығушылық тудырады, өйткені ол әртүрлі қазақ рулары мен жүздері өкілдерінің бірлескен жерленуінің сирек кездесетін жағдайы болып табылады. Сынтастардағы әртүрлі таңбалардың болуы соғыстан кейінгі бауырластық әскери жерлеу туралы куәландыруы мүмкін, бұл ойрат шапқыншылығына қарсы күрес кезеңінде қазақ руларының бірігуі туралы тарихи мәліметтерге сәйкес келеді.

Алынған нәтижелер тарихи аңыздарға сәйкес қазақ-ойрат қарсыластығындағы бетбұрыс нүктесі болған Бұланты шайқасы туралы қолда бар баяндау көздерін толықтырады және нақтылайды. Материалдық дәлелдер әскери қақтығыстың сипаты мен қарсылас тараптардың мәдени-ғұрыптық тәжірибесінің ерекшеліктерін егжей-тегжейлі қайта құруға мүмкіндік береді.

Анықталған нысандардың ғылыми құндылығы олардың тарихи оқиғаны фольклорлық аңыздар саласынан археологиялық расталған фактілер саласына ауыстыруға мүмкіндік беретіндігінде. Бұл ескерткіштерді археологиялық қазба жұмыстары, радиокөміртекті анықтау және пәнаралық талдау әдістерімен одан әрі зерттеу XVIII ғасырдағы Қазақстанның әскери-саяси тарихы туралы білімімізді айтарлықтай байытуы мүмкін.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы алынған деректерді мұражай экспозицияларын құруда, туристік маршруттарды әзірлеуде және ескерткіштерді тарихи-мәдени мұра нысандарының тізіліміне енгізуде пайдалану мүмкіндігінде жатыр. Бұланты-Білеуті өзендерінің аралығындағы әскери ландшафттың археологиялық картасын қалыптастыру қазақ тарихының негізгі оқиғаларының материалдық дәлелдерін сақтауға және насихаттауға ықпал етеді.

Сонымен, 2024 жылы жүргізілген іздеу-барлау ізденістері Бұланты-Білеуті өзендер аралығында археологиялық зерттеулерді жалғастыру қажеттілігін көрсетеді.

Алғыс

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылай қолдауы негізінде жазылды (Грант «XVIII ғ. бірінші жартысында Бұланты-Білеуті өзені аралығындағы қазақ-жоңғар әскери қақтығысы ландшафтын зерттеу»).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ерофеева И.В. Аныракай / И.В. Ерофеева // В кн.: Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов Казахстана. — Алматы: ТОО «WorkLine», 2014. — С. 49–52.
- 2 Ерофеева И.В. Белеутты / И.В. Ерофеева // В кн.: Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов Казахстана. — Алматы: ТОО «WorkLine», 2014. — С. 86–87.
- 3 Диваев А.А. Мавзолей Кок-Кесене: историко-археологическая заметка / А.А. Диваев // Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии (ПТКЛА). — 1905. — Т. 10. — С. 40–42.
- 4 Аубекеров Б.Ж. Ландшафтно-геоморфологические факторы формирования наступательной стратегии и тактики казахов-кочевников в войне с джунгарами 1723–1730 гг. / Б.Ж. Аубекеров, И.В. Ерофеева // Булантинская битва: история исследований. Научно-информационный альбом. — Улытау: Национальный историко-культурный и природный заповедник-музей «Улытау», 2015. — С. 68–83.
- 5 Булантинская битва: история исследований. Научно-информационный альбом. — Улытау: Национальный историко-культурный и природный заповедник-музей «Улытау», 2015. — 210 с.
- 6 Усманова Э.Р. Монгольские воины Улуса Джучи по материалам могильника Карасуыр, Улытау / Э.Р. Усманова и др. // Археология, этнография и антропология Евразии. — 2018. — Т. 46. — № 2. — С. 106–113.
- 7 Усманова Э.Р. Научный отчет о полевых исследованиях в Улытауском районе Карагандинской области в 2010 г. по теме «Исследование исторической местности междуречья Буланты-Белеутты в контексте казахско-джунгарских отношений в XVIII веке» / Э.Р. Усманова. — Научный архив КазНИИ ПКНН. — Ф. 3. — Оп. 1. — Д. 53. — Л. 127–128.
- 8 Ажигали С.Е. Казахские кулпытасы — аналоги якутских сэргэ: ареал, типология, генезис / С.Е. Ажигали // Северо-Восточный гуманитарный вестник. — 2023. — № 4 (45). — С. 20–36.
- 9 Георги И.Г. Описание всех обитающих в Российском государстве народов: их житейских обрядов, обыкновений, одежд, жилищ, упражнений, забав, вероисповеданий и других достопамятностей / И.Г. Георги. — СПб.: Русская симфония, 2007. — 808 с.
- 10 Қазақ мәдениеті: энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005. — 656 б.
- 11 Потанин Г.Н. Наши сношения с джунгарскими владельцами / Г.Н. Потанин // Сборник историко-статистических сведений о Сибири и сопредельных ей странах. — СПб.: Русская Скоропечатня (П.С. Нахимова), 1876. — Т. 2. — Вып. 1. — С. 1–64.
- 12 Гуляев С.И. Заметки об Иртыше и странах, им орошаемых / С.И. Гуляев // Вестник Императорского Русского географического общества на 1851 год. — СПб.: Типография военно-учебных заведений, 1851. — Ч. 3. — С. 41–88.
- 13 Джангар: калмыцкий народный эпос. — Элиста: Калмыцкое книжное издательство, 1989. — 363 с.
- 14 Кольцов П.М. Погребальный обряд калмыков в XVII–XX вв. (по данным археологических и письменных источников) / П.М. Кольцов, Г.М. Борликов, К.П. Кольцова // Научная мысль Кавказа. — 2017. — № 4 (92). — С. 115–121.
- 15 Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов / А.Т. Толеубаев. — Алма-Ата: Ғылым, 1991. — 214 с.

Р.М. Жумашев, Э.Р. Усманова, Е.А. Дмитриев, А.К. Мейрамбеков, Ж.Н. Шайгозова

Предварительные результаты археологического исследования ландшафта казахско-ойратского военного конфликта в междуречье Бұланты-Білеуты в 2024 году

В серии казахско-ойратских военных конфликтов особое значение имеет Булантинская битва. Данное исследование направлено на определение ландшафта военного конфликта 1727 года в междуречье Буланты-Білеуты в Улытауской области. Во время комплексных исследований, проведенных в 2007–2010 годах, в долине реки Калмаккырган и урочище Карасуыр был выявлен ряд исторических объектов, предварительно отнесенных к периоду военных столкновений между казахами и ойратами. Однако археологические раскопки 2011 и 2023 годов не подтвердили эту гипотезу. В 2024 году были про-

ведены поисково-разведочные работы с применением ландшафтно-археологических методов. Методы исследования включали топографические измерения, геоморфологический анализ, археологическую разведку и документирование погребальных комплексов. В результате повторного исследования сопки Калмактобе было подтверждено наличие руинированного сооружения в виде остатков крепости малого подвижного караула ойратов. На берегу реки Курайлы был обнаружен некрополь с надмогильными камнями-сынтасами с изображениями родовых тамг казахов Старшего и Среднего жузов. Анализ морфологии погребальных комплексов и технического исполнения тамг позволяет предположить, что этот памятник может быть братским воинским захоронением XVIII века. В ходе исследования была выявлена связь между устными преданиями местного населения и историческими данными. Стратегическое расположение сопки Калмактобе подтверждает её значение как военно-наблюдательного пункта для ойратов. Особенности погребального обряда в некрополях отражают культурно-религиозные традиции различных этнических групп. Обнаруженные археологические материалы позволяют перевести историческое событие Булантинской битвы из области фольклорных преданий в область археологически подтвержденных фактов и указывают на необходимость проведения дальнейших систематических археологических исследований в этом регионе.

Ключевые слова: Центральный Казахстан, Улытау, Буланты-Білеуты, ойраты, военный конфликт, ландшафт, тамги, Булантинская битва.

R.M. Zhumashev, E.R. Usmanova, E.A. Dmitriev, A.K. Meirambekov, Zh.N. Shaygozova

Preliminary Results of the Archaeological Study of the Landscape of the Kazakh-Oirat Military Conflict in the Bulanty-Bileuty Interfluvium in 2024

The Battle of Bulanty holds special significance among Kazakh-Oirat military conflicts. This research examines the 1727 military conflict landscape in the Bulanty-Bileuty interfluvium in the Ulytau region. Comprehensive studies from 2007–2010 identified historical objects in the Kalmakkyrgan River valley and Karasuy tract, initially attributed to Kazakh-Oirat conflicts. However, archaeological excavations in 2011 and 2023 did not confirm this hypothesis. In 2024, exploratory work using landscape-archaeological methods was conducted, including topographic measurements, geomorphological analysis, and burial complex documentation. Reexamination of Kalmaktobe hill confirmed ruins of a small mobile Oirat guard post. A necropolis with grave stones depicting tribal tamgas of Elder and Middle Zhuz Kazakhs was discovered on the Kuraily riverbank. Analysis of burial morphology and tamga execution suggests this may be an 18th-century fraternal military burial. The study revealed connections between local oral traditions and historical data while documenting the spatial organization of military infrastructure. Kalmaktobe's strategic location confirms its importance as an Oirat observation point within their territorial control system. Funeral practices in the necropolises reflect cultural and religious traditions of different ethnic groups, providing insight into social structures. These archaeological findings transform our understanding of the Battle of Bulanty from folklore to archaeologically verified history and demonstrate the necessity for continued systematic archaeological research in this historically significant region.

Keywords: Central Kazakhstan, Ulytau, Bulanty-Bileuty, Oirats, military conflict, landscape, tamgas, Battle of Bulanty.

References

- 1 Erofeeva, I.V. (2014). Anyrakai [Anyrakai]. V knige: *Kratkii entsiklopedicheskii slovar istoricheskikh toponimov Kazakhstana* — In book: *Brief Encyclopedic Dictionary of Historical Toponyms of Kazakhstan*. Almaty: TOO «WorkLine» [in Russian].
- 2 Erofeeva, I.V. (2014). Belewitty [Belewitty]. V knige: *Kratkii entsiklopedicheskii slovar istoricheskikh toponimov Kazakhstana* — In book: *Brief Encyclopedic Dictionary of Historical Toponyms of Kazakhstan*. Almaty: TOO «WorkLine» [in Russian].
- 3 Divaev, A.A. (1905). Mavzoley Kok-Kesene: istoriko-arkheologicheskaya zametka [Kok-Kesene Mausoleum. Historical and Archaeological Note]. *Protokoly Turkestanskogo kruzha liubitelei arkheologii (PTKLA)* — *Protocols of the Turkestan Circle of Archaeology Enthusiasts (PTCAE)*, 10, 40–42 [in Russian].
- 4 Aubekero, B.Zh., & Erofeeva, I.V. (2015). Landshaftno-geomorfologicheskie faktory formirovaniia nastupatelnoi strategii i taktiki kazakhov-kochevnikov v voyne s dzhungarami 1723–1730 gg. [Landscape and geomorphological factors in the formation of the offensive strategy and tactics of the Kazakh nomads in the war with the Dzungars in 1723–1730]. *Bulantinskaia bitva: istoriia issledovaniia. Nauchno-informatsionnyi albom* — *Battle of Bulanty: History of Research. Scientific and Information Album* (pp. 68–83). Ulytau: Natsionalnyi istoriko-kulturnyi i prirodnyi zapovednik-muzei «Ulytau» [in Russian].
- 5 (2015). *Bulantinskaia bitva: istoriia issledovaniia. Nauchno-informatsionnyi albom* [Battle of Bulanty: History of Research. Scientific and Information Album]. Ulytau: Natsionalnyi istoriko-kulturnyi i prirodnyi zapovednik-muzei «Ulytau» [in Russian].

- 6 Usmanova, E.R., Dremov, I.I., Panyushkina, I.P., & Kolbina, A.V. (2018). Mongolskie voyny Ulusa Dzhuchi po materialam mogilnika Karasuyr, Ulytau [Mongol warriors of the Ulus of Jochi based on materials from the burial ground of Karasuyr, Ulytau]. *Arkheologiya, etnografiya i antropologiya Evrazii — Archaeology, Ethnography and Anthropology of Eurasia*, 46, 2, 106–113 [in Russian].
- 7 Usmanova, E.R., Orazbek, E.Zh., & Perevozov, S.V. (2010). *Nauchnyi otchet o polevykh issledovaniyakh v Ulytauskom raione Karagandinskoi oblasti v 2010 g. po teme "Issledovanie istoricheskoi mestnosti mezhdu rechii Bulanty-Beleiuty v kontekste kazakhsko-dzhungarskikh otnoshenii v XVIII veke"* [Scientific report on field research in the Ulytau district of the Karaganda region in 2010 on the topic "Study of the historical area of the Bulanty-Beleiuty interfluvium in the context of Kazakh-Dzungar relations in the 18th century"]. Nauchnyi arkhiv Kazakhskogo Nauchno-Issledovatel'skogo instituta po problemam kulturnogo naslediya nomadov [Scientific archive of the Kazakh Research Institute on problems of cultural heritage of nomads]. — F. 3. — Op. 1. — D. 53. — L. 127–128 [in Russian].
- 8 Azhigali, S.E. (2023). Kazakhskie kulpytasy — analogi yakutskikh serge: areal, tipologiya, genezis [Kazakh kulpytasy — analogues of the Yakut serge: area, typology, genesis]. *Severo-Vostochnyi gumanitarnyi vestnik — North-Eastern Humanitarian Bulletin*, 4 (45), 20–36 [in Russian].
- 9 Georgi, I.G. (2007). *Opisanie vsekh obitaiushchikh v Rossiiskom gosudarstve narodov: ikh zhiteiskikh obriadov, obyknovennii, odezhd, zhilishch, uprazhnenii, zabav, veroispovedanii i drugikh dostopamiatnostei* [Description of all the peoples living in the Russian state: their everyday rites, customs, clothing, dwellings, exercises, amusements, religions and other memorable things]. Saint Petersburg: Russkaia simfoniia [in Russian].
- 10 (2005). *Qazaq madenieti: entsiklopedialyq anyqtamalyq* [Kazakh Culture. Encyclopedic Reference]. Almaty: «Aruna Ltd.» ZhShS [in Kazakh].
- 11 Potanin, G.N. (1876). Nashi snosheniia s dzyungarskimi vladeltsami [Our relations with the Dzungarian rulers]. *Sbornik istoriko-statisticheskikh svedenii o Sibiri i sopredelnykh ei stranakh — Collection of historical and statistical information about Siberia and neighboring countries*, 2, Issue 1, 1–64. Saint Petersburg: Russkaia Skoropechatnia (P.S. Naximova) [in Russian].
- 12 Gulyaev, S.I. (1851). Zametki ob Irtyshe i stranakh, im oroshaemykh [Notes on the Irtysh and the countries irrigated by it]. *Vestnik Imperatorskogo Russkogo geograficheskogo obshchestva na 1851 god — Bulletin of the Imperial Russian Geographical Society for 1851*, Part 3, 41–88. Saint Petersburg: Tipografiia voenno-uchebnykh zavedenii [in Russian].
- 13 (1989). *Dzhangar: kalmytskii narodnyi epos* [Dzhangar. Kalmyk national epic]. Elista: Kalmytskoe knizhnoe izdatel'stvo [in Russian].
- 14 Kolcov, P.M., Borlikov, G.M., & Kolcova, K.P. (2017). Pogrebalnyi obriad kalmykov v XVII–XX vv. (po dannym arkhologicheskikh i pismennykh istochnikov) [Funeral rites of the Kalmyks in the 17th–20th centuries (according to archaeological and written sources)]. *Nauchnaia mysl Kavkaza — Scientific thought of the Caucasus*, 4 (92), 115–121 [in Russian].
- 15 Toleubayev, A.T. (1991). *Relikty doislamskikh verovanii v semeinoi obriadnosti kazakhov* [Relics of pre-Islamic beliefs in the family rituals of the Kazakhs]. Alma-Ata: Gyl'm [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Жумашев Рымбек — т.ғ.д-ры, археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының профессоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0004-9806-3997>

Усманова Эмма — Сарыарқа археологиялық институтының ғылыми қызметкері, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті; Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан; Татарстан Республикасы Ғылым академиясының А.Х. Халиков атындағы Археология институтының ғылыми қызметкері, Қазан, Ресей, <https://orcid.org/0000-0003-1625-5086>

Дмитриев Евгений — Сарыарқа археологиялық институтының ғылыми қызметкері, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті; Қазақстан; Алтай мемлекеттік университетінің аспиранты, Барнаул, Ресей, <https://orcid.org/0000-0002-1440-7675>

Мейрамбеков Аслан — PhD, археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-5240-6446>

Шайғозова Жанерке — п.ғ.к., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-8167-7598>

Information about the authors

Zhumashev Rymbek — Doctor of Historical Sciences, Professor of the Department of Archeology, Ethnology and National History, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0004-9806-3997>

Usmanova Emma — Researcher at the Saryarka Archaeological Institute, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan; Researcher at the Institute of Archeology named after A.Kh. Margulan, Almaty, Kazakhstan; Researcher at the Institute of Archeology named after A.Kh. Khalikov of the Academy of Sciences of the Republic of Tatarstan, Kazan, Russia, <https://orcid.org/0000-0003-1625-5086>

Dmitriev Evgeniy — Researcher at the Saryarka Archaeological Institute, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan; Postgraduate Student, Altai State University, Barnaul, Russia, <https://orcid.org/0000-0002-1440-7675>

Meirambekov Aslan — PhD, Senior Lecturer, Department of Archaeology, Ethnology and National History, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-5240-6446>

Shaygozova Zhanerke — Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-8167-7598>